

ОӘЖ 37.014

ТАРИХ – ӨТКЕННІҢ САБАҒЫ, КЕЙІНГІГЕ ӨНЕГЕСІ

Мұса Тоғжан

АТУ-нің «Кәсіптік оқыту» мамандығының 3-курс студенті

Ғылыми жетекшілер: п.ғ.к., доцент Ахатаева К.Б.

п.ғ.к., доцент Туkenова К.Т.

*«Өткенді тану,
тарихты терең
пайымдап, оған әділ
баға беру үлкен
парасаттылық пен
жауапкершілікті талап
етеді».*

Н.Ә. Назарбаев

Аңдатпа: Мақала Қазақстан Республикасы мемлекетінің нормативтік құжаттарын негізге ала отырып, тарих ғылымымен байланыстырылған. Тарихи сананы қалыптастырудағы елімізге белгілі ғалымдардың еңбектерін тиімді қолданған. Тарих беттерінен алынған оқиғалар желісі мақаланың мазмұндылығымен, бүгінгі өмірмен байланыстылығын нақты аша түскендігін көрсетті. Педагогикалық оқу-тәрбиемен ұштастырылған.

Кілтті сөздер: тарих, гуманитарлық білім беру, мәдени мұра, тарихи сана, тарихи білім, интеллектуалды, тәуелсіздік дәуірі, жаңғыру.

Аннотация: Статья основана на нормативных документах Республики Казахстан и связана исторической наукой. При формировании исторического сознания было использовано работы известных ученых в стране. Линия событий со страниц истории показала, что имеет большое значение для содержания статьи, ее актуальности для сегодняшней жизни. Оно сочетается с педагогическим образованием.

Ключевые слова: история, гуманитарное образование, культурное наследие, историческое сознание, исторические знания, интеллектуальность, эпоха независимости, модернизация.

Abstract: The article is based on normative documents of the Republic of Kazakhstan and is linked by historical science. When the formation of historical consciousness was used the work of famous scientists in the country. The line of events from the pages of history showed that it is of great importance for the content of the article, its relevance for today's life. It is combined with pedagogical education.

Key words: history, humanitarian education, cultural heritage, historical consciousness, historical knowledge, intellectuality, the era of independence, modernization.

Жаңа заман талабына сай болатын, ел алдындағы күрделі міндеттерді ойдағыдай орындай алатын адам мәселесі бүгіндегі өзекті тақырыптардың бірі.

Бұған Елбасы Жолдауындағы мына сөздерінен мысал келтірген орынды: «Өзінің тарихын, тілін, мәдениетін, білімін, сондай-ақ заманына лайық, шет тілдерін меңгерген, озық әрі жаһандық көзқарасы бар қазақстандық біздің қоғамымыздың идеалына айналуы тиіс» /1/, - деп атап көрсетілген.

Міне, осындай тұлғаны қалыптастырып өсіру үшін қоғам да, ата-ана да, ұстаздар қауымы да, еңбек ұжымы да, адамның өзі де бірлесіп жұмыс істеуі қажет.

Жолдаудың жетінші міндетінде Елбасы «... білім беру ісінде өзіміздің озық жүйемізді құруды жеделдету қажет» /1/, - деп атап көрсетілген.

Осыдан білім саласының қызметкерлері кез келген сынаққа, өзгеріске әзір, жаңашыл болуы маңызды екенін атап көрсетеді.

Жастардың көз алдынан сонау ерте заманнан осы күнге дейінгі тарихтың беттері: қайшылықтар, қаһармандық, жасампаздық істер мен қайғылы оқиғалар, шын мәнінде тарихта қандай болса, сондай нақты, шыншыл, әр алуан, адамзат тарихы тұтас күйінде, толық өтуі қарастырылады.

Отан тарихында өткен және болып жатқан өзгерістер мен қазіргі заманның күрделі проблемаларын шешу жолдарын ашып көрсетудегі Қазақстан тарихы курстарын оқытудың мүмкіншілігі зор.

Мемлекеттің болашағы жас ұрпақты ұлттық тарихи біліммен қаруландыру мәселесіне ерекше көңіл бөлініп келеді. 1985 жылдан бастап-ақ, қайта дәуірінің өзінде-ақ республикамызда тарихымыздың

«ақтаңдақ» беттері зерттеліп, зерделеніп, жалпы жұртшылыққа жария бола бастады.

1992 жылдан бастап арнайы орта білім және жоғары оқу орындарында Қазақстан тарихы пәнін міндетті оқытумен қоса, 1995 жылдан бері аталған пәннен мемлекеттік сынақ тапсыру енгізілді. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев 1997 жылды «Жалпыұлттық татулық пен саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу» /2/, 1998 жылды «Халық бірлігі мен ұлттық тарих жылы» /3/ деп жариялады.

Қазақстан Республикасының гуманитарлық білім беру тұжырымдамасы, Қазақстан Республикасының тарихи сана қалыптастыру тұжырымдамасы қабылданғаны белгілі.

Елбасының Қазақстан халқына арнаған 2004 жылғы Жолдауындағы «Мәдени мұра» бағдарламасы тарихқа тікелей қатысты /4/.

Жобаның жүзеге асуы бұған дейін ғылыми айналымнан тыс қалған тарихи деректерді іздеу, жинау, ұлттық тарихымызды түгендеу жайында Н.Ә. Назарбаев «Тарих толқынында» еңбегінде терең жан-жақты зерделейді: «Қазақ болмысының келесі бір ерекшелігі - оның тарихшылдығы. Қара халықтың тарихтан хабарлығы мейлінше жоғары болған. Керек десеңіз, білім институттарының дамыған жүйесі бар бүгінгі күннің өзін бұрынғы қазақтардың санасындағы жаппай тарихшылдықпен салыстыруға болмайды. Тарихи білімнің мұндай жүйесі қатардағы көшпелілер үшін тарихи-мәдени оқиғалардың ағыны ретінде бала кезінен сана-сезіміне сіңіп отырған. Қазақ даласының дүйім жұртында кең құлашты тарихи сана болған, себебі бұл даладағы әрбір жұмыр басты пенденің жады бала кезінен ауызша айтылатын қисапсыз мол дерекке әбден жаттығып, көз қанық болып өскен. Қатардағы сахара қазағы өз халқының тарихымен біте қайнасқан. Ол өзін ұдайы халық тарихының бір бөлшегі ретінде сезінген» /5/, - деп атап көрсетілген.

Тәуелсіз Қазақстан тарихын дайындап, тер төккен тарих ғылымдарының докторы, академик Манаш Қабашұлы Қозыбаев тарихи сананы қалыптастыру жайында айтылған пікірлері мол. Отаршылдық жүйе заманындағы халықтың ділі (менталитеті) түбірімен өзгергендігін, ХХ-ғасырдағы демографиялық күйреулердің нәтижесінен он қазақтың үшеуі елін тастап, босып кеткен қайғылы көріністерді жан-жақты ашып көрсетеді.

Рас, бүгін тарихымыз таразылануда. Тарихты түсіндіру – күн тәртібіндегі мемлекеттік дәрежеде тарихи сана проблемасын туындатқыны белгілі.

М.Қ. Қозыбаев: «Тарихты оқыту, тоқыту – үлкен проблема. Бұрын империя кезінде христиан дінін, кеңес кезінде марксизм-ленинизмді қалай оқытсақ, біз бүгін отандық тарихымызды солай оқытуымыз керек...

жоғары оқу орындарында (техникалық салада), гуманитарлық және тарих факультеттерінде тарихты оқыту бағдарламалары енгізілсе, мемлекеттік емтихан алынса тарихқа деген көзқарас өзгерер еді» /6/.

Тарихи сананы қалыптастыру бағдарламасын іске асыруда бетбұрыс қадамдар бар ма? – деген сауалға академик М.Қабашұлы мынадай жауап берген-ді:

«Тарихи сананы қалыптастыру кезінде қолдан ата-баба шежіресін жасап, руға жүзге бөлінушілікті дәстүрге айналдыруды қою керек. Күн тәртібінде ұлттық мүдде, нысана тұру керек, ол – ғасырлар бойы аңсаған тәуелсіздіктің қадір-қасиетін тану, оны баянды ету», - деген екен.

Тарих тағылымы – шын мәнінде өткен ата-баба тарихының сыры мен жыры ғана емес, онан түйіндейтін, зерделенетін сабақтары болса керектігін де айтады.

Жеке адамның өзіндік санасының ұлттық санаға айналуы ұлттық руханияты арқылы жүзеге асады. Ұлттық санамен қалыптасқан және ұлттық зердеге бағынатын жеке адамның рухани ізденістерінің негізінде ел игілігіне ортақ оның болашағына қызмет ететін танымы, білімі, тәжірибесі мен идеясы қалыптасады.

Ұлттық тарихи білім – белгілі бір халықтың өткен өмірлерін білу ғана емес, сонымен бірге ол адам санасын шыңдап, оның бойында отаншылдық сезім ұялата алатын білім. Соған орай, бүгінгі ұрпақтық бойында іскерлік, біліктілік және жауапкершілік қасиеттерді қалыптастырмай, олардың ізгілікті, рухани жан-жақты өркендеуіне, сондай-ақ өткен буын өкілдерінің әлеуметтік-мәдени тәжірибесін әлем өркениеті жетістіктерін игеруіне жол ашпай, әлеуметтік ұстанымдағы экономикасы бар демократиялық қоғам құру мүмкін емес.

Елдік сананы қалыптастыру, ұлттық рух пен ұлттық патриотизмді насихаттап іс жүзіне асыру – бүгінгі күндегі өткір мәселелердің бірі.

Олай етпейінше ұлтжанды тұлғаны қалыптастыру мүмкін емес. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев «Тарих толқынында» еңбегінің «Алаш мұрасы және осы заман» бөлімінде:

«Қазақ зиялыларының жаңа буыны жалпы ұлттық мүдделерді білдіртіп, ағайыншылдық, рушылдық пиғылдардан арылуға тырысты» /5/, - деп атап көрсетілген.

Елбасының айтқан пікірі, академик Манаш Қабашұлы Қозыбаевтың ойымен үндесіп жатқандығын мынадан аңғарамыз. М.Қ. Қозыбаев Алаш зиялыларын ғасыр басында Ресейде қалыптаса бастаған зияткерлердің (интеллектуалдар) жаңа ұрпағына жатқызады. Ақпан төңкерісінен кейін (1917 ж.) Қазақстан қоғамындағы өзгерістер легін Алаш қозғалысымен тығыз қарастыруды ұсынып, Алаш зиялылары ағартушылық идеясын жаңа сатыға көтеріп, таптық мүдде емес, тұтас ұлт мүддесін қорғап, отаршылдыққа қарсы ұлттық майдан ашуды көздегендігін талдап

көрсетеді. Алаш зиялыларының ұлт мәселесін шешудегі реформаторлығын нақтылайды.

Қазақ тарихында «Қазақ» газеті тәрбиелеп, өсірген ұлт зиялыларының отаршылдыққа қарсы атой салған тобы Алаш партиясына бірігіп, «Алаш Орда» шаңырағын көтергеніне өткен 2017 жылы 100 жыл толғаны белгілі. Республика деңгейінде дүбірлеп өтпесе де, жоғары оқу орындарында түрлі мәдени іс-шаралардың өткендігінің куәсіміз.

Алаш зиялыларының бірі – Халел Досмұхамедұлы тарихтан білім берудің маңызды міндеттеріне мынадай ойы дәлел: «...Өз еліміздің өткен-кеткені туралы, басынан кеткен дәуірлері туралы бұрынғы, осы күнгі мекендері туралы қолдан келгенше толық мағлұмат беру, ата-бабаларымыздың істерімен танысып, өткен жаңылыстарына күйініп, жақсылықтарына сүйініп, ғибрат алмақ – адамға сана береді» /7/, - деп атап көрсеткен.

Еліміздің жоғары оқу орындары арасында өткен Алаш зиялыларының рөлін тереңнен танып-білудегі интеллектуалды олимпиаданың атқарар міндеті зор. Студент-жастар аталған тақырыптың мазмұнын тереңнен ақтарды. Себебі, тоқырау жылдарында алаш мұралары ауызға алынбады, жасырылды, оларды халық жауы ретінде кері түсінік қалыптастырғаны белгілі.

Алаш қозғалысының қайраткерлері халық ағарту ісінің қайта құрылуын және тәрбиенің мақсаты – ұлттық тұрғыда сипат алу мәселелерін жаңа көзқарас тұрғысынан шеше білді. Осы тұрғыдан ұлтжандылық, ел мүддесін ойлаудағы адами қасиеттерін меңгерудегі студент-жастардың білімдері, алаш мұраларын зерттеп білуі интеллектуалды олимпиаданың негізгі айнасы ретінде көріне білді.

Жапониядағы Хоккайдо университетінің Славян зерттеу орталығының Орталық Азия бойынша маманы, профессор Уяма Томохиконың алаш зиялылары жайындағы пікірі: «Егер олардан нені үйрену керек деген әңгіме туса, онда адамгершілікті, азаматтықты және қарапайымдылықты деп жауап беруге болады» (Студенттердің ғылыми жобасынан алынды).

Міне, жапон ғалымының тұжырымы, бүгінгі қоғамдағы өзекті болып саналатын мәселе деп айтуға толық құқығымыз бар.

Алаш зиялыларының бүкіл қызметі – қазақ қоғамын ілгері бастырудың амалдарын іздестірумен айналысқаны көпке мәлім.

Елбасының «Тәуелсіздік белестері» еңбегінде былай делінген: «... азаттық қозғалысының тізгінін ұлттық бірлесуін мұрат қып ұстаған Алаштың білімді де, білікті асыл азаматтары қолға алды. Ұлт-азаттық қозғалысының басшылары Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Бақытжан Қаратаев, Халел және Жаһанша Досмұхамедовтер және басқалар болды, олардың көпшілігі Петербургтің

Мәскеудің, Варшаваның, Қазанның, Омбы мен Орынбордың жоғарғы оқу орындары мен училищелерін бітіріп, асқан салауатты адамдар еді» /9/. Шын мәнінде, қазақ деген атымызды басқа елдер білу үшін, біздің тарихымызды, мәдениетімізді, рухани байлықтарымызды, әдет-ғұрыптарымызды, ғұлама ғалымдарымызды танып білгендері жөн.

Өткендердің қадірін білу, олардың арман-мүдделерін жалғастыру – адамгершілік парыз ғана емес, қоғамдық дамудың ілгері басудың алғышарттарының бірі.

XX-ғасыр басындағы ел қамын ойлап, қараңғылықтан азат етудегі Алаш зиялыларының ерліктерін бүгінгі кәсіби мамандықты игерудегі студент-жастардың ғылыми тұрғыдан дәлелдеу шеберліктері көңілге қуаныш себеді. Себебі, бүгін тарихи өткенінен сабақ алмаса, ұлттық сана қалай болмақ? Сондықтан мазмұнды тақырыптардың құндылықтарын аршудағы осындай интеллектуалды олимпиадалардың аясын кеңейте берген жөн.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Тәуілсіздік дәуірі» тарихи публицистика үлгісінде жазылған еңбегінде 26 жыл ішінде бастан кешірген құрылу кезеңдерін сипаттап, сын сәттерін баяндайды. Президент бұл кітабында өзге де мемлекеттердің даму кезеңдерін «Жаңғыру» деген категориямен талдайды. Кітаптың әр бөлімінде нақты тұжырымдар жасалған.

Бірінші бөлімде жаңа білім жүйесінің іргетасын қалау мәселесі, екінші бөлімде білім саласындағы, оның ішінде жоғары мектептегі өзгерістер уақыты тұрақтанумен экономикалық өсу үрдістерімен байланысты талдау жүргізілсе, үшінші бөлімде 2000-2010 жылдардағы білім, ғылым, мәдениет, спорт салаларында қол жеткен табыстарды қамтитын зияткерлік өрлеу индустриялық-инновациялық даму стратегиясымен, жалпыұлттық келісімнің қазақстандық моделінің жасақталуымен байланыстыра түсіндіріледі. Төртінші бөлімде «Қалыптасқан мемлекет, Қазақстанның үшінші жаңғыруы» деп аталады. Яғни, адам капиталының жаңа сапасын қарастырады. «Адам капиталына арқа сүйеу» қағидаты, біздің адамдармен, оның ерекше мүмкіндіктері (шеберлігі, дарыны, білімі, күзіреті, тәжірибесі) негізделген азаматтардың дүниетанымы – елдің болашағын нақтылайтынына байланысты. Міне, ерекше мүмкіндіктерді жүзеге асыру – әрбір азаматтың жауапкершілігінде болмақ.

Адамның өз ұрпағын Отанын сүюге, өз елі мен жерін құрметтеуге үйретуі адамзат қоғамымен бірге жасасып келе жатқан тарихи үдеріс екені белгілі. Тіпті жазу мен сызуды білмеген, ғылым мен мәдениеті мешеу дәуірдің өзінде ұрпағын елжандылыққа тәрбиелеу отбасы мен тайпа мүшелерінің ортақ ісі болған.

Өткен тарихымызға көз жүгіртсек, қазақ халқы өзінің табиғи дарыны, тарихи-саяси, қоғамдық ахуалына байланысты, батырлары мен билерінің ерен еңбегінің арқасында ұлттық сананың халықтық шеңберін бойларына терең сіңіре білді. Оған әрбір дәуір кезеңінен көптеп мысалдар келтіруге болады. Соның бірі бір ғасырдан астам бойы жоңғарлардың қазақ даласына шабуыл жасап, ел мен жұртты сансыратып жатқанында жоңғар батыры «Бұл қазақ деген қандай халық өзі?»- деп сұраған екен. Қасында келе жатқандардың бірі ақын болса керек, былай деп жырлаған екен:

«Сахара байтақ далада,
Сарқырап аққан салада
Қыс Қызылды қыстаған,
Жаз Арқаны жайлаған.
Жері байтақ, елі бай,
Қоралап қойды айдаған,
Желілеп нарды байлаған.
Дүмбірлеген ақ үйлер
Жасаумен іші жайнаған,
Көргеннің іші қайнаған.
Иен даланы жасырып,
Есепсіз жылқы қаптаған.
Аптада, айда бір көріп,
Ізіне түсіп бақпаған...
Құдайы қонақ кез келсе,
Құрметтеген сыйлаған...
Шетінен жомарт, меймандос,
Өнер менен малға бай,
Төрт түлігі бірдей сай,
Ішкені-қымыз, бал шарап,
Жегені-құрт, ет пен май.
Әрі шаруа, әрі момын,
Алдануы өте оңай,
Қазақ деген осындай», - деп жауап берген екен дейді /10/.

Қонақжай қазақ даласы өзінің бауырмалдылығымен бағзыдан бері бейбіт өмірдің берекелі бесігі болған, бұл дәстүр – өткеннің сабағы, бүгінге үлгі-өнегесімен жалғаса бермек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. 2018-жылдың 10-қаңтардағы ҚР Президенті Н. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» // <http://www.akorda.kz>

2. 1997 жылды «Жалпыұлттық татулық пен саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу жылы» деп жариялау туралы ҚР Президенті Н. Назарбаевтың Жарлығы // Егемен Қазақстан, 30-желтоқсан, 1996 ж.

3. 1998 жылды «Халық бірлігі мен ұлттық тарих жылы» деп жариялау туралы ҚР Президенті Н. Назарбаевтың Жарлығы // Егемен Қазақстан, 11-желтоқсан, 1997 ж.

4. Назарбаев Н.Ә. «Ішкі және сыртқы саясаттың 2004 жылға арналған негізгі бағыттары» Президенттің Қазақстан халқына Жолдауынан// Қазақ тарихы, 2003ж. №2

5. Назарбаев Н.Ә. «Тарих толқынында» Алматы, Атамұра, 2003 ж. 31 б.

6. Қозыбаев М.Қ. Шығармалары, 2-том, «Қазақ энциклопедиясы», 2013 ж. 99-100 бб.

7. Досмұхамедұлы Х. «Аламан» Алматы, 1997 ж. 72 б.

8. Назарбаев Н.Ә. «Тәуелсіздік белестері» Алматы, «Жібек жолы» 2010 ж.

9. Назарбаев Н.Ә. «Эра независимости» (Элек. ресурс) Астана 2017 ж. 505 б.

10. «Мұсылман тізбесі» Алматы, 2000 ж. «Жылнама» баспасы

ӘМІР ТЕМІРДІҢ АНАДОЛЫ ЖОРЫҒЫ ЖӘНЕ АНКАРА ШАЙҚАСЫНЫҢ ТАРИХИ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Жүмәділұлы Жәнібек

С.Демирель университеті

Аннотация:

1402 жылы Анадолының орталық өңірінде орналасқан Анкара қорғаны іргесінде сол кезеңінің екі ірі билеушісі Йлдырым Баязит пен Әмір Темір арасында жойқын соғыс болды. Бұл соғыстың тарих сахнасында орын алуына Әмір Темірдің Еуразия аймағында жеке дара билігін орнатуға деген ұмтылысы түрткі болды. Ғылыми баяндамада Темірдің Османдықтарға қарсы жеңіске қол жеткізуінде маңызыды рөл ойнаған Анкара іргесіндегі қанды шайқастың барысы мен нәтижесі орын алады. Сонымен қатар Анадолының ХҮ ғасырдың басындағы саяси тарихын баяндау да ғылыми жұмыстың негізгі бағыттарының бірі болып табылады.